

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

4. Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» / А., 2017
5. А. Құнанбаев «Қарасөздер. Поэмалар» / А., 1993
6. Е.С. Кубрякова «Проблема субъективности в когнитивной лингвистике», 2005
7. Ш. Мұртаза «Шығармалар жинағы» /А., 2017

ӘОК81. 42 (075.8)

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Алимбаева А., 2 курс, 7М02301 – қазақ филологиясы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада тіл білімінің жаңа бағыттарының мәселелерін зерттеген Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева сынды ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, «лингвоөлкетану», «лингвоелтаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» терминдерінің аражігі ашылған. Лингвомәдениеттану ғылымының қалыптасып, дамуы жөніндегі зерттеушілердің еңбектеріне сараптама жасалған.

Зерттеу нысанасы тіл мен мәдениет болып табылатын салалардың қатарына «лингвоөлкетану», «лингвоелтаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» жататыны мәлім. Аталмыш пәндердің «тіл мен мәдениеттің» өзара байланысын зерттеудегі әдіс-тәсілдері, кейбір теориялық принциптері мен негіздері ұқсас болып келеді. Қазақ тіл білімінде профессорлар Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева және Н.Уәлиев т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінің негізінде этнолингвистикалық зерттеулер ерекше қарқын алды.

Лингвомәдениеттану, лингвоелтану, лингвоөлкетану ұғымдары мен олардың қатынастарына талдау жасаған М.А. Карпенконың ойынша лингвоелтанудың негізін салушылар мен осы ғылыми салада зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың көбі лингвоөлкетаным шеңберінен шығып, өзіне тән жалпы мәдени және ұлттық-мәдени, жалпы тілдік, ұлттық-тілдік өлшеулері бар лингвомәдениеттану шеңберіне кіріп кетіп отырды [1, 90].

Жоғарыда аталып өтілген пәндердің теориялық қағидалары мен зерттеу тәсілдері арасындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтар жөнінде соңғы кезде жиі айтылып жүр. Г.Д. Томахин, В.В. Дубичинский, В.В. Воробьев, В.А. Маслова, А.Қ. Сейілхан т.б. зерттеушілердің еңбектерінде бұл мәселе арнайы сөз болды. Этнолингвистиканың, елтанудың, лингвомәдениеттанудың пән ретіндегі ортақ мақсаттары мен міндеттеріне – ұлт тілі мен мәдениетін оның ақыл-ойына байланыстыра отырып зерттеу жатады.

Е. Жанпейісов «Қазақ тілінің этномәдени лексикасы» еңбегінде М.О. Әуезовтің 20 томдық шығармаларының толық жинағы негізінде қазақ тілінің этномәдениеттік лексикасына тарихи-семантикалық және этимологиялық талдау жасаған. Сонымен қатар қазақ тілінің этномәдени лексикасының негізгі семантикалық топтарын көрсетіп, оларды фонемалық, морфемалық, лексикалық деңгейде жан-жақты ғылыми тұрғыда қарастырған. Р.Иманалиева «Қазақ тіліндегі кеңістіктік бағдар білдіру құралдарын зерттеудің этнолингвистикалық мәселелері» еңбегінде қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің (этнолингвистикалық) кеңістікте орналасуын мифологиялық, этнопсихологиялық тұрғыдан түсіндірсе, А. Құмарова «Қазақстан

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Республикасындағы қазақ тілді ортаны қалыптастырудың әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері» зерттеуінде қазіргі дәуірдегі қазақ тілінің өмір сүруінің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелеріне және оның тілдік ортасының қалыптасып, күшейіп, дамуына шолу жасаған.

Ал Ә.Айқұлова «Қазақ символдары мен этнотұрмыстық белгілерді орыс тіліне аудару мәселелері» зерттеу жұмысына қазақ әдеби прозасындағы символдар мен этнотұрмыстық белгілердің орыс тіліне аударылуын арқау етеді. Э.Мұқышева «Қазіргі неміс және қазақ тілдерінің фразеологиялық бірліктері семантикасының ұлттық ерекшелік элементтері» жұмысында неміс және қазақ тілдері фразеологизмдерінің семантикасы мен құрылысында кездесетін ұлттық мәдени компоненттерді тауып, олардың арасындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарды салыстырған.

Сондай-ақ, М.Жақсыбаеваның «Қазақ және орыс тілдерінің этнографиялық тіркестер тіркесімі» еңбегінде орыс және қазақ тілдеріндегі этнографиялық, фразеологиялық тіркестердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың мағыналарындағы этнографиялық компоненттердің сақталу деңгейіне байланысты анықталған. Қазақ эпосындағы лексиканы қарастырған А.Мұқатаеваның, қазақ тіліндегі алғыс пен қарғысты білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін зерттеген С.Төлекованың еңбектерін этнолингвистикалық ыңғайда талданған зерттеулер деп білеміз. Ж.Манкеева өз зерттеуінде қазақ ұлтының рухани өрісімен сабақтас қалыптасқан, материалдық өндірістік деңгейін белгілейтін, кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан заттық мәдениетке катысты сөз қазынасын ұлттық болмысқа, мазмұнға қатысты анықтауды мақсат еткен [2].

Ал, Қ.Ғабитханұлы діни наным-сенімдерге байланысты тұрақты тіркестерді этнолингвистикалық тұрғыда қарастыра отырып, олардың жасалу модельдерін, қалыптасуын және мағына, тұлға жағынан дамуын көрсетсе, К.Смағұлованың еңбегі қазақ тіліндегі фразеологиялық материалдарды (олардың қатарында этномәдени мазмұндағы фразеологизмдер де бар) талдау арқылы, фразеологизмдік бірліктердің мағыналас түрлерін белгілі бір ұғымдар бойынша жинақтау және тақырыптық семантикалық топтарға бөлу, мағыналас фразеологизмдердің пайда болу себептерін ашуға арналған [4].

Қазақ ақын, жазушыларының шығармалары бойынша қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасына талдау жасаған С.Жанпейісованың мақсаты – рухани мәдениет лексикасының негізгі тақырыптық топтарын және олардың қалыптасу көздерін анықтау, лексиканың бұл аталмыш қабатын, этнолингвистикалық аспектілерін халқымыздың этномәдени өміріне қатысты тұрғысынан алып қарастыру, рухани мәдениетпен байланысты түрлі тілдік номинациялардың жасалу тәсілдері мен даму жолдарын айқындап көрсету болып табылады [5].

А.Сейілханның «Қыз Жібек» және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары бойынша жазылған зерттеуінде тіл тарихы мен тіл табиғатының мәдениетпен тығыз байланыстылығы, сабақтастығы қарастырылған [6].

«Тіл мен мәдениет» мәселесіне арналған зерттеу жұмыстарына жасалған шолу тілдің экстралингвистикалық қасиеті сөз болғанда ол тек мәдениетпен ғана байланыстырыла қарастырылғанын көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл мәселенің тіл, мәдениетпен өркениет сабақтастығы, олардың өзара байланысы тұрғысынан қарастырылғаны дұрыс. Осы жағдайда ғана дүниенің тілдік бейнесі неғұрлым толығырақ түседі деп ойлаймыз. «Тіл мен мәдениет» мәселесі қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Қ.Рысбергенова т.б. еңбектерінде қарастырылған. Зерттеушілердің «...Мәдениет пен өркениеттің жұмбақтарын зерттеу – лингвомәдениеттанудың ең маңызды мақсаттарының бірі...» [7,54] деген пайымдауының мәні ерекше. Лингвомәдени бірліктерді ұлт менталитетін айқындайтын, ұлт дүниесінің тілдік бейнесін жасаушы тілдік тәсілдер ретінде қарастыра отырып, Ғ.Мүсіреповтің

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

«Ұлпан» повесіндегі дүниенің тілдік бейнесін айғақтаушы лингвомәдени бірліктерді тіл, мәдениетпен өркениетуәждерінің өзара байланысы тұрғысында сипаттауға талпыныс жасадық.

В.В. Воробьевтың пікірі бойынша, «дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттеуге» лингвомәдениеттану пәнінің қосатын үлесі мол. Оның ойынша, «лингвомәдениеттану – мәдени құндылықтардың белгілі бір тәртіппен тандалған және ұйымдасқан жиынтығын, сөйлеуді тудыру мен қабылдаудың коммуникативтік үрдістерін, ұлттық ақыл-ой мен тілдік дербестік тәжірибесін зерттеп, дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттейтін жаңа филологиялық пән» [7,54].

М.Мағауин шығармалары дүниесінің тілдік бейнесін беруде тілдік тәсілдерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар.Өнер, оның ішінде көркем әдебиет сыртқы дүние бейнесін емес, субъективтік дүниелердің бейнесін қолданылған әдеби тәсілдер арқылы ажыратылатын автордың ішкі рухани бейнесін жасайды.Лингвомәдени бірліктер арқылы жазушы ұлттық мінез, бейне сомдайды, ұлттық нақыштың бояуын әрлендіреді, сол арқылы ұлт дүниесінің тілдік бейнесін жасайды. Сондықтан да көркем шығарма лингвомәдениеттанымдық зерттеудің нысанасы бола алады.

Лингвомәдениеттану – тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін зерттейді. Лингвомәдени бірліктердің маңыздылығы оның тілдік және тілден тыс шындықты бейнелеуінде. Олар ұлт тіліндегі ақиқат шындықтың әрқалай бейнеленуінің себебін түсіндіреді. Ал оның негізгі себебі белгілі бір заттың не құбылыстың бір ұлттан гөрі екінші ұлтқа көбірек не өзгеше әсер ететіндігінен болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.А. Карпенко «Понятия «лингвокультурология», «лингвострановедение», «лингвокраеведение и их отношение» / Киев, 1997
2. Ж. Манкеева «Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы» / А., 1997
3. Қ. Ғабитханұлы «Наным-сенімдерге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер» / А., 1995
4. К. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» / А., 1998
5. С. Жанпейісова «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы» /А., 1996
6. А.К. Сейылхан «Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні» /А., 2001
7. В.В. Воробьев «О русской национальной личности в языке и культуре» / Киев, 1998

ӘОК81.42 (075.8)

КӨРКЕМ ПРОЗА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ғабдрахман К., 1 курс, 7М02301 – қазақ филологиясы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада көркем шығармадағы фразеологизмдердің құрылымдық сипаты анықталған. Қазақ ғалымдары Б Шалабай, І.Кеңесбаев, Г.Смағұловалардың мәтінді стилистикалық талдау, мәтіндегі фразеологизмдердің қызметі туралы еңбектері сараланған. Көркем шығармадағы фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері айқындалған.